

VI ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ БАСТАЛДЫ

Елбасы Н. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы аясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да VI Халықаралық Фараби оқулары басталды. Салтанатты ашылу Шығыс ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің ескерткішіне гүл қоюдан басталды.



Халықаралық форум жұмысына белгілі шетелдік және отандық ғалымдар, таяу және алыс шетел сарапшылары, көрнекті қоғам қайраткерлері, ҚР СІМ және дипломатиялық миссиялардың өкілдері, БАҚ өкілдері, оқытушылар мен студенттер қатысты.

Конференция жұмысын дәстүрлі түрде ашқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми еңбектерінің өзектілігі мен тереңдігін атап өтті.

Әл-Фараби - Әл-Мәдина әл-фадилдің идеясына сәйкес—тамаша қоғамда бірінші орында білім беру мен тәрбиелеу тұр. Мұндай қоғамда барлық құрылымдық компоненттер өзара байланысты, өзара әрекеттеседі, ал адамдар бір-біріне көмектеседі. Әл-Фарабидің тамаша қоғамы — болашақтың смарт-қоғамының мінсіз үлгісі.

«Тұжырымдамалық түрде біз әлемді неғұрлым жетілдірілген, әл-Фарабидің Қайырымды қоғамына, ақырында жакын болашақта смарт-қоғам құруға ұмтылған ежелгі грек ойшылдарының идеалды қоғамынан шығамыз. Университеттер басқа әлеуметтік институттармен салыстыра қарағанда зияткерлік әлеуетке, қоғамдық мәртебеге және ықпал ету дәрежесіне ие. Әл-Фарабидің ізгілік қоғамының гуманистік тұжырымдамасы «Al-Farabi University-Smart City» жобасында жоспарлы түрде жүзеге асырылуда. Онда ғылыми технологиялар мен рухани-адамгершілік мәдениетті дамыту шоғырланған», - деп атап өтті ҚазҰУ ректоры.

Осы тұрғыда ҚазҰУ-да әзірленген жана буын университетінің 4.0 моделін атап өткен жөн. Онда төрт миссия біріктірілген: білім беру, зерттеу, инновациялық-кәсіпкерлік және рухани-адамгершілік.

ҚазҰУ университеті БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі ғаламдық хабы бола отырып, жоба аясында БҰҰ-ның Өркениеттер Альянсымен бірлесе отырып, «Ізгілікті қоғам азаматтарын қалыптастыру. Қазіргі заманғы университеттердің миссиясы» болып табылады. Ол әлемнің барлық университеттерінің рухани әлеуетін біріктіруге бағытталған және университеттердің серіктестік желісін құруға негіз болды.

Алты жыл ішінде Фараби оқулары кең халықаралық танымалдылыққа және әлемдік жоғары оқу орындары мен ғылыми қоғамдастықтың арасында зор беделге ие болды. Жыл сайынғы дәстүр бойынша Әбу Насыр әл-Фарабидің мұрасын зерттеуге қосқан елеулі үлесі үшін форумның кейбір қатысушылары ҚазҰУ-дың мерейтойлық алтын медальдарымен марапатталды. Олар әл-Фараби мұрасын зерттеу бойынша 20 ғылыми еңбектің авторы, Ұлудаг университетінің профессоры Яшар Айдынлы және 240 ғылыми жұмыстың авторы, философия ғылымдарының докторы, Философия, саясаттану және дінтану институтының философия және фарабану бөлімінің менеджерісі Ғалия Құрманғалиева.

ҚазҰУ-дың 85 жылдық мерейтойына орай VI Фараби оқулары аясында ғылымның түрлі салалары бойынша ғылыми-теориялық, ғылыми-тәжірибелік, ғылыми-әдістемелік онлайн-конференциялар, дөңгелек үстелдер мен семинарлар, студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» Халықаралық конференциясы, Инновациялық жобалар конкурсы, Ғылым күні өтеді.

Өз тілшімізден

Оқытуды ақпараттандыру-
ЗАМАН ТАЛАБЫ

Білім жүйесі – қоғам дамуымен бірге дамып, үнемі өзгеріске ұшырап отыратын заманда өліміз әлемдік білім кеңістігіне енуді мықтап қолға алған. Осы ретте білім беру жүйесін жаңа заман талабына сай дамыту мақсатына арналған кезекті ректорат мәжілісі білім беру бағдарламалары тақырыбын талқылаудан басталды.

Мінбеге шыққан оқу жұмысы жөніндегі проректор Асқар Құсыпбекұлы «Бүгінде дамыған елдердегі білім беру жүйесіндегі ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі — оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Болашақ білікті маман даярлайтын оқу орны ретінде біздің басты міндетіміздің бірі — жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзірет — оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығы. Құзіреттілік — оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзіреттілік — бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін қолдануды талап етеді.

Жалғасы 2-бетте

ПАРТНЕРСТВО
С УНИВЕРСИТЕТОМ АЛЬ-АЗХАР

Делегация Казахского национального университета им. аль-Фараби для развития партнерских отношений с целью интеграции в мировое образовательное пространство посетила всемирно известный университет Аль-Азхар в Египте.

Делегация в составе декана факультета востоковедения Ыктияра Палторе, директора научно-исследовательского центра «Письменных памятников и духовного наследия» Зубайды Шадкам, заведующей кафедрой религиоведения и культурологии Айнура Курманалиевой и преподавателей факультета востоковедения Шынар Калиевой и Калдыбай Кыдырбаевой встретились с шейхом Ахмед аль-Тайипом и обсудили широкий круг вопросов.

Во время переговоров большое внимание было уделено новым возможностям преподавания арабского языка. Стороны обсудили вопросы тесного сотрудничества в области исследования рукописей, приобретения произведений аль-Фараби и копий выполненных по ним исследовательских работ для дальнейшего широкого освещения. Многие труды великого мыслителя Востока находятся в библиотеке Аль-Азхар.

Во время встречи была достигнута договоренность, которая откроет большие возможности молодым казахским ученым для работы в рукописном фонде библиотеки аль-Азхар, а также прохождения языковых стажировок.

Продолжение на 2 стр.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ПӘНДІК ОЛИМПИАДА



3-бет

ПУЛЬМОНОЛОГИЯ
БОЙЫНША БІРІНШІ
КОНФЕРЕНЦИЯ



4-бет

«ӘДІЛ БИДІҢ ЕЛІН DAУ
АРАЛАМАЙДЫ»



6-бет

Оқытуды ақпараттандыру-заман талабы

Жалғасы. Басы 1-бетте

Осы тұрғыда біз оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе алмасу, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, топта жеке және жүйелі жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді болашақ жас маманға үйрету арқылы жанартылған білім берудің маңыздылығын айқындаймыз», — деді проректор. Сондай-ақ ол жұмыс берушілердің талаптарына және кәсіби стандарттарға сай жанартылған білім беру бағдарламалары мен білім алушылардың әр факультеттік контингентіне тоқталып өтті.

Кезекте университеттегі жоғары технологиялық компаниялардың жұмысы туралы бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев баяндама жасады. Оның айтуынша, «ҚазҰУ бүгінде әлемдік деңгейдегі ірі компаниялармен ынтымақтастық орнатып, тығыз байланыс орнатқан. Солардың бірі «Huawei» компаниясы. 2017 жылы ҚазҰУ-да «Huawei» ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар орталығы ресми түрде ашылған. Содан бері орталық жұмысы IT және телекоммуникация саласында жоғары білікті мамандарды даярлау, бірлескен білім беру бағдарламаларын жасау, ғылыми



зерттеулер жүргізу бағытында жұмыс атқарып, университет оқытушылары мен студенттері «Huawei» компаниясының бөлімдерінде тағылымдамадан, өндірістік және ғылыми-зерттеу тәжірибелерінен өтіп келеді» — деді бірінші проректор.

«Huawei» ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында әлемдік жетекші корпорация болып табылады. Компанияның өнімдері мен қызметтерін әлемнің 170-тен аса мемлекеті тұтынатын корпорациямен ҚазҰУ ынтымақтастықты ұзарту туралы меморандумға қол қойып, студенттерге тағылымдамадан

өту үшін гранттар табысталды. Мәжіліс аясында ҚазҰУ-дағы жалпы тіл білімі және еуропалық тілдер кафедрасының филиалын А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтында ұйымдастыру туралы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов пен институт директоры Ерден Қажыбек келісімшартқа қол қойды. Сонымен қатар жиын барысында көпжылдық адал еңбегі мен университеттің дамуына қосқан өлшеусіз үлестері үшін оқытушы-профессорлар арнайы алғыс хатпен марапатталып, басқа да мәселелер кеңінен талқыға түсті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

ENTER ЖОБАСЫ

Эрасмус+ бағдарламасының жұмыс жасау мерзімі 2014-2020 жылдар арасына бекітілген, ол бағдарлама оқу жүйесінің модернизациясы мен бірқалыпты дамуына қолғабыс етуге бағытталған. Біздің университет 2016 жылдан бағдарламаның бірқатар жобаларының орындалуына атсалысуда.

Биыл жылы да оқу орнымыздың факультеттері төрт жобаға қатысып отыр. Оның ішінде инженерлік бағытта оқытушыларды даярлауға бағытталған ENTER жобасын орындауға физика техникалық факультетінің плазма физикасы, нанотехнология және компьютерлік физика кафедрасы мұғалімдері мен ҚазҰУ-дің біліктілікті арттыру центрінің мамандары қатысып отыр. Жалпы жоба үш жылға жоспарланған, жобаның нәтижесінде техникалық мамандарды даярлайтын оқытушылардың біліктігін жоғарлататын онлайн курс дайындалып, алғашқы тыңдаушыларын да оқытып шығару көзделген. Ағымдағы жылдың қаңтар айында Португалияның Порто қаласында орналасқан Порто политехникалық институтында тұсау кесер кездесуі өтті және біздің университет өкілеттері де сол кездесуге қатысты. Біздің мамандар бұл жобаның екінші маңызды кезеңі: оқу бағдарламасын құрастыру және жүзеге асыру шарасына жауапты болмақ. Жоба орындаушыларына іске сәт деп, жоспарларының жүзеге асырылуына тілектеспіз.

Қ. НҮРҒАЛИЕВА,
К. ТҮРЕХАНОВА.

ПАРТНЕРСТВО С УНИВЕРСИТЕТОМ АЛЬ-АЗХАР

Продолжение. Начало на 1 стр.



Также будет активизировано сотрудничество по академической мобильности и обмену квалифицированных специалистов по исламской философии и исламским принципам. Это придаст импульс для новых специальностей «Исламоведение» в КазНУ.

В этой связи уместно отметить работу университета Аль-Азхар с «Центром по предотвращению религиозного экстремизма и терроризма», как экспериментального Центра для Казахстана. Он отличается от других организаций тем, что проводит анализ религиозных экстремистских течений. Также разрабатываются специальные инструменты и механизмы против их агрессивной идеологии, проводится обширная исследовательская работа, собирается информация о возможных религиозных экстремистских группах, которые могут появиться в будущем. Собранная информация публикуется на 12 самых распространенных языках мира.

Как отметили специалисты университета Аль-Азхар работа отдела современного международного урегулирования имеет решающее значение для своевременного ознакомления с коренными причинами религиозного господства в исламском мире. Своевременное реагирование на вопросы со всего мира, с учетом постоянного возврата к ним, а также выработка предварительных ответов на потенциальные проблемы, которые могут возникнуть в будущем, подтверждает особую миссию работы отдела.

В завершение визита шейх Аль-Азхара г-н Ахмед аль-Тайип вручил делегации КазНУ 28-томный каталог рукописей, копий рукописей Абу Насра аль-Фараби и электронную версию научных исследований.

Соб. корр.

QYSQA-NUSQA

Shygystany fakultetinde «Shygystany» mamandygy boynsha stydentterdiń Hı Respyblykalyq pándik olimpiadasy ótti. Byıl koreitany bólimi boynsha Respyblykalyq olimpiadaǵa L.N.Gýmlev atyndaǵy EUÝ, Abylai han atyndaǵy QazHQJÁTY jáne ál-Farabi atyndaǵy QazUÝ-dan barlyǵy 27 stydent qatysty.

Eki kezeńnen turatyn olimpiadada 3 júldeli oryn bekittildi. Birinshi joǵary júldeli orynda óziniń ozyq bilimin kórsetken ál-Farabi atyndaǵy QazUÝ-dyń Qıyr Shygys kafedrasynyń 4 kýrs stydenti Ajan Qayırgalıeva ielendi. Ekinshi oryńǵa ál-Farabi atyndaǵy QazUÝ-dyń Qıyr Shygys kafedrasynyń 4 kýrs stydentteri Áigerim Sailaýkenova men Merýert Serik ie bolsa, úshinshi oryndy L.N.Gýmlev atyndaǵy EUÝ-dyń 2 kýrs stydenti Anel Toqtarbekova men ál-Farabi atyndaǵy QazUÝ stydentteri Gaýhar Ótegen jáne Qundyz Turysmaǵanbetovaǵa buyrdy. Olimpiadanyń barlyq jeńimpazdary arnaly diplomdarmen marapattalyp, olarǵa demeyshiler taǵayndaǵan aqshalai sylyqtar tabys etildi.

Analitikalyq, koloidtyq himia jáne sirek elementter tehnologiasy kafedrasynyń dosenti, himia ǵylymdarynyń kandidaty A.O.Adilbekova Erasmys+ akademialyq utqyrlyq baǵdarlamasy aiasynda Polshanyń Toryn qalasındaǵy Nikolai Kopernik ıniversitetinde tájirbesin shyńdap qaitty.

Atalǵan baǵdarlama aiasynda A.O.Adilbekova Kopernik ıniversitetiniń qyzmetkerleri men oqytıshylaryna «Munai emýlsialary. Sýsyzdandyryń ádisteri» taqyrybynda seminar ótkizdi. Bul óz kezeginde QazUÝ oqytıshylarynyń halyqaralyq ıniversitetter arasynda ǵylymi jáne halyqaralyq baılanystaryn bekitip, ózara tájirbe almasıǵa úlken septigi tizip keledi.

Jýyrda Madridtiń Komplýtense ıniversitetiniń (UCM, Ispania) filologia fakultetiniń shaqırtıymen QazUÝ-dyń shyǵystany fakultetindegi shyǵys elderiniń profesorlary Chan Beng Sýn jáne Miong Sýn Ok Qıyr Shygystan Shygys Fınlándianyn (EFU, Fınlándia) Gýmanitarlyq ıniversitetiniń Azialyq Qoǵamdastyq mektebiniń stydentteri, magistrantтары мен doktorantтарына arnaly dárister oqydy.

Eki ıniversitettegi dáristerge «One Asia» (Japonia) halyqaralyq jobasy aiasynda «Shygys Aziadaǵy Soltústik Koreianyn iadrolyq qarýmen birge qaýıpsizdigi» jáne «Áleymettik osal azamattyq jáne Azialyq qoǵamdastyq» taqyrybynda Chan Beng Sýn men Miong Sýn Ok dárıs berdi.

Bylǵy jyly Madridtiń Komplýtense ıniversitetinde jáne Shygys Fınlándia ıniversitetinde Azialyq qoǵamdastyqtyń kýrsy bastaı alǵan, bul óz kezeginde 2012 jyldan bastap ál-Farabi atyndaǵy QazUÝ-da ótip kelgen bolatyn. «Azia-Tynyq muhity» qory Azialyq elder arasyndaǵy gúldený, turaqtylyq pen ómir súrydiń maqsaty bolyp tabylatyn Azialyq qaýymdastyq baǵdarlamasyна qatysatyn ıniversitetter men akademikterge qarjylai kómek kórsetedi. Qazirgi ýaqıtta osy jobaǵa álemniń 300-den astam ıniversiteti qatysady.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК ОЛИМПИАДА

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ химия және химиялық технология факультетінде «Химия», «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» және «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандықтары бойынша студенттер арасында Республикалық пәндік олимпиада өтті.



Онда Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары студенттері өзара ашық түрде білімі, ептілігі мен икемділігі бойынша бақ сынасып, жеңімпазды анықтады. Жыл сайынғы өтетін Олимпиаданың басты мақсаты — жастарда шығармашылық ойлау дағдысын қалыптастыру және химия және химиялық технология саласы бойынша студенттерде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге ынталандыру.

Олимпиадаға 27 команда қатысты. Әр командада 1-4 курс күндізгі бөлімдерінде оқитын үш студенттен құралған. Қатысушылардың жалпы саны 81, олар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Алматы техникалық университеті, Қазақстан-Британ техникалық университеті, Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті, Семей қ., Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазак ұлттық техникалық зерттеу университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеттерінен келген студенттер. Іс-шараның ашылу салтанатында химия және химиялық технология факультеті деканы х.ғ.к. Х.С. Тасибеков сөз сөйледі.

Олимпиада 2 тур бойынша өткізілді. БЗХТ және ОЗХТ мамандықтары бойынша бірінші

турда қатысушылар компьютерлік тесттен өтті, онда студенттер тест сұрақтарына жауап берді. БЗХТ мамандығы бойынша екінші турда қатысушылар Қазақстан Республикасы өндірісінде кездесетін шынайы техникалық проблемаларды шешті. ОЗХТ мамандығы бойынша 2 турда қатысушылар ауызша түрде өздері таңдаған 5 пәнді қамтитын сұраққа жауап берді. Қатысушы тақырып пен сұрақтың күрделілік деңгейін таңдау құқығына ие болды. Химия мамандығы бойынша Олимпиадаға қатысушы студенттер алғашқы турда «5В060600—Химия» мамандығы пәндерін қамтитын есептер шығарса, екінші турда зертханада тәжірибелік есептер шешті.

Қатысушылар жұмысы мен жауаптары құзыретті қазылар алқасы мүшелерімен бағаланды, ол ҚазҰУ оқытушы-профессорлық құрамы мен өзге де ұйым өкілдерінен құралған. Жекелей сайыста ҚазҰУ студенттері «Химия» мамандығы бойынша Түрсүн Қазбек, «БЗХТ» мамандығы бойынша Ибраимов

Заир және Жигалёнок Ярослав, «ОЗХТ» мамандығы бойынша Ауғанбек Бауыржан екі тур қорытындысы негізінде максималды балл жинап Олимпиада жеңімпаздары болып танылды.

Командалық сайыста үш мамандық бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ командалары «Радиоактивные» («Химия» мамандығы), «Октоген» (сп «БЗХТ» мамандығы) және «КазНУ 2» («ОЗХТ» мамандығы) екі тур қорытындысы бойынша жоғары балл жинап үздік деп танылды.

Жекелей және командалық сайыста екінші, үшінші орын алған барлық қатысушылар мен командалар диплом мен сертификаттармен салтанатты түрде марапатталды.

Дина АҚБАЕВА,
деканның ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары

БІЛІМ САЙЫСЫНДАҒЫ ФИЗИКТЕР

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттері арасында XI Республикалық пәндік олимпиада өткізілді.Республикалық пәндік олимпиада «Физика», «Ядорлық физика», «Физика және Астрономия», «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар», «Материалтану және жаңа материалдар технологиясы» мамандықтары бойынша ұйымдастырылды.

Олимпиадаға Қазақстанның барлық аймақтарынан 15 ЖОО-дан қатысты. Олар: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ (Нұр-Сұлтан), С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ (Нұр-Сұлтан), ТарИГУ (Тараз), Қ.А. Йассауи атындағы ХҚТУ (Түркістан), Қ. Жұбанов атындағы АӨГУ (Ақтөбе), Б. Букетов атындағы ҚарМУ (Қарағанды), М. Әуезов атындағы ОКМУ (Шымкент), Мирас университеті (Шымкент), БҚМУ (Орал), Қ.И. Сәтпаев атындағы ҚазҰЗТУ (Алматы), ХАТУ (Алматы), АЭБУ (Алматы) және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы).

Олимпиада уақытында қатысушылар жоғары деңгейдегі дайындықтарын, ынталарын және де өз мамандықтары бойынша үздік болуға деген ұмтылыстарын танытты. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қатысушы университет басшылығына және олимпиада қатысушыларына олимпиадаға қатысуға деген қызығушылықтары мен белсенділіктері үшін алғыс білдіреді. Сонымен қатар, Huawei компаниясына және HAINA академиясының жоба менеджері Альбина Смағұловаға талантты жастарға демеушілік қолдау көрсеткені үшін ерекше алғыс білдіреді.

Республикалық олимпиаданың қорытындысымен бес мамандық бойынша жалпы 31 жеңімпаз анықталды. Барлық олимпиада қатысушылары диплом және сертификаттармен марапатталды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінде «Шығыстану» мамандығы бойынша студенттердің XI Республикалық пәндік олимпиадасы өтті. Биыл корейтану бөлімі бойынша Республикалық олимпиадаға Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӨТУ-дың, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 27 студенті қатысты.

Олимпиада екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде үш университеттің қатысушылары тіл, тарих, елтану бойынша тест тапсырмаларын орындап, корей тілінде «Мен үшін өмірдің мәні неде?» тақырыбында эссе жазды. Бұл кезеңнен үздік нәтиже көрсетіп, сүрінбей өткен 10 студент әділ-қазылардың назарына өздері дайындаған «Егер мен Кореядан бенчмаркинг жасасам» тақырыбындағы презентацияларын ұсынды.

Алматы қаласындағы Корея Республикасы Бас консулдыңының вице-консулы Ли Джун Хо мен Алматы қаласындағы Корея Республикасы Білім беру орталығы директорының орынбасары Ким Су Ен билік еткен қазылар алқасы олимпиада қатысушыларының жауаптарын мұқият тексеріп, зор ынтамен тындап, еңбектерін бағалады. Екі кезеңді қорытындылай келе, олимпиада қатысушыларына 3 жүлделі орын бекітілді. Бірінші жоғары жүлделі орынды өзінің озық

ШЫҒЫСТАНУ БОҰЫНША БІЛІМ САҰЫСЫ

білімін көрсеткен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қиыр Шығыс кафедрасының 4 курс студенті Айжан Қайырғалиева иеленді. Екінші орынға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қиыр Шығыс кафедрасының 4 курс студенттері Әйгерім Сайлауқенова мен Меруерт Серік ие болса, үшінші орынды 3 студент — Л.Н.Гумилев атындаы ЕҰУ-дың 2 курс студенті Анель Токтарбекова мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қиыр Шығыс кафедрасының 2 курс студенттері Гауһар Өтеген мен Құндыз Тұрысмағанбетова бөлісті. Олимпиаданың барлық жеңімпаздары арнайы дипломмен марапатталып, оларға демеушілер тағайындаған ақшалай сыйлықтар табыс етілді.

Аталған олимпиадада ҚазҰУ студенттерінің жоғары нәтиже көрсетуі үшін аянбай тер төккен корей тілінің оқытушылары Т.Н.Пак пен А.Б.Абағанның, корей тарихының оқытушысы Б.Ж.Ташкенбаеваның еңбектерін атап өткен жөн.

Алматы қаласындағы Корея Республикасының Білім беру орталығы, Алматы қаласындағы Оңтүстіккорейлік ірі кәсіпкерлік ассоциациясы, Қазақстандағы оңтүстіккорейлік орта және шағын бизнес ассоциациясы, Корея Республикасы корейтану Академиясы (Қиыр Шығыс кафедрасының шетелдік корейтану бойынша ғылыми жобасының зерттеу командасы) олимпиада



жеңімпаздарына сыйлық тағайындап, демеушілік көрсетті.

Жыл сайын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінде студенттердің шығыстану мамандығы бойынша Республикалық олимпиадасын өткізу дәстүрге айналды. Олимпиадаға қатысу студенттердің шығыс тілін игеруін жетілдіреді, шығармашылық қабілеттерін ашуға көмектеседі, өздері таңдаған

мамандыққа, ғылыми-зерттеу қызметіне деген қызығушылықтарын арттырады, жетістіктерге жетуге жетелейді, өздері шындала түседі. Жалпылай алғанда, Республика деңгейінде мұндай олимпиаданы өткізу Қазақстандағы шығыстану ғылымының дамуына ықпал етіп, дарынды студенттерге қолдау көрсетуге тағы да бір мүмкіндік береді.

Шығыстану факультеті

12 апреля на военной кафедре проводится III военно-патриотическая игра «Сарбаз» на кубок ректора КазНУ им. аль-Фараби

ПУЛЬМОНОЛОГИЯ БОЙЫНША БІРІНШІ КОНФЕРЕНЦИЯ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің медицина және денсаулық сақтау факультетінде «VI халықаралық Фараби оқулары» жыл сайынғы форумы аясында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қорының қолдауымен «Respiratory Junction Almaty: Where East meets West» атты халықаралық конференциясы өтті.

Конференцияның мақсаты - (GOLD); Ішкі аурулар, пульмонология, пульмонологияның өзекті мәселелеріне Шығыс пен Батыстың жетекші сарапшылары арасында білім мен тәжірибе алмасу. Медицина саласындағы ғалымдардың кездесуі диалог арқылы диагностика мен емдеудегі соңғы жетістіктер туралы білімді беру арқылы өкпе ауруының жалпыға бірдей стандарттарын көтеруге арналған. «Respiratory Junction Almaty: Where East meets West» алғашқы халықаралық конференциясы созылмалы обструктивті өкпе ауруына (СОӨА) арналған - науқастың сапасы мен ұзақ өмір сүруіне айтарлықтай әсер ететін ауру, денсаулық сақтау жүйесіне ауыр жүктеме. СОӨА GOLD жаһандық бастамасына сәйкес әлемде 300 миллионнан астам адам СОӨА-ден зардап шегеді - бұл ересек тұрғындардың 10% -ы. Ғалымдар 2020 жылға қарай СОӨА өлімінің ұлғаюы мүмкін деп болжап отыр. Бірінші екі: жүректің ишемиялық ауруы және инсульт, онкопатология (2015). Ауруды негізгі қауіп факторларымен күресудің шұғыл шараларын қолдану арқылы болдырмауға болады: темекі шегу мен ауаны ластау. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бағалауы бойынша, елде СОӨА бар науқастардың саны кемінде 800 мың адамды құрайды. Алайда, бұл көрсеткіш халықаралық зерттеу нәтижелеріне сәйкес келмейді - бұл айтарлықтай азайтылады.

ТМД елдерінің аумағында созылмалы обструктивті өкпе ауруларының (СОӨА) таралуы бойынша бірінші халықаралық эпидемиологиялық зерттеу нәтижелері ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің ресми деректері бойынша 17 есе артып, Алматы қаласының мысалын қолданып, басқа елдермен салыстырғанда Қазақстан халқының арасында жоғары ауру көрсеткішін көрсетеді», - делінген PBN Hill+Knowlton Strategies хабарламасында - Ресей, Украина, Қазақстан және басқа ТМД елдердегі стратегиялық байланыстары бар жетекші халықаралық агенттіктер. Конференцияның негізгі баяндамашысы СОӨА бойынша әлемдегі жетекші сарапшылардың бірі, профессор Клаус Вогельмайер; доктор-хабилитат; Созылмалы обструктивті өкпе ауруы бойынша Ғаламдық бастама Ғылыми комитетінің төрағасы

Конференцияда пульмонология саласындағы жетекші ресейлік сарапшылар, Қазақстан Республикасы клиникалық және фундаментальды медицина академиясының президенті, ҚР ҰҒА академигі, м.ғ.д., ҰМУ фтизиопульмонология кафедрасының профессоры Муминов Талғат Аширович сөз сөйледі. Ол өкпенің туберкулезі сияқты кең таралған аурулармен бірге диагноз қою және диагностикалаудың ерекшеліктері мен аурулардың курсының ерекшеліктері туралы өзекті мәселелермен таныстырды.

Қазақстандық отбасылық дәрігерлер қауымдастығының президенті, м.ғ.д., профессор Нугманова Дамиля Сакенқызы ТМД елдеріндегі алғашқы халықаралық эпидемиологиялық зерттеулердің нәтижелерімен таныстырды, онда профессор тікелей қатысқан СОӨА таралуы туралы баяндамада аурудың бақылауында алғашқы көмек көрсетудің маңызды рөлі және СОӨА диагностикасында оқытудың сапасын атап өтті.

Қырғызстанның кменегер пульмонологы, м.ғ.д., профессор (И.К. Ахунбаев атындағы Қырғыз мемлекеттік медицина академиясы) Бримкулов Нұрлан Нұрғазыұлы сонымен қатар, бұл ауруды өлімнің басты себебі ретінде анықтау және уақытында диагностикалауда алғашқы медициналық-санитарлық дәрігердің ерекше функциясын атап өтті жалпы тәжірибеші маманның қажетті құзыреттілігіне, осы санаттағы науқастарға медициналық көмек көрсетудің сапасына арналған ойларды айтып кетті.

СОӨА бар науқастарды объективті стратификациялаудың заманауи әдістері туралы, Канададан келген біздің жерлесіміз, Канададан келген MD, PhD, дәрігер - зерттеуші, пульманолог, Персонализирленген

Медицине Профессором Факультета Медицины Университетf МакГилл Монреаль, Квебек мамандары бойынша Нұрлан Дәулетбаев ұсынды.

М.ғ.д., ассоцирленген профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Медицина және денсаулық факультеті денсаулық және экология ғылыми-зерттеу зертханасының меңгерушісі, ERS — гі ҚР аттынан ұлттық делегаты Винников Денис Владимирович кәсіби СОӨА туралы аудиторияға баяндама жасады. Қырғызстаннан жас ғалымы, философия докторы, отбасылық медицина кафедрасының ассистенті. КГМА оларды И.К. Ахунбаева, ERS қысқа мерзімді стипендиялық бағдарлама бойынша Сыдыкова Салима Жұмабайқызы Қырғызстан мен Қазақстандағы альфа-1-анти трипсин тапшылығының диагностикасы бойынша өз зерттеу нәтижелерін ұсынды. МАО «МҮС» госпитальдық терапия кафедрасының меңгерушісі, PhD, «ERS» short-term fellowship бағдарлама бойынша әріптесі Жұмағалиева Ардақ Назылқызы бірге баяндады.

Іс-шара шеңберінде секциялық мәжіліс жоспарланып отырды, модераторлар - медицина ғылымдарының докторы, профессор Нұрмұқан Нұрмағұлұлы Бурмқұлов, И. Ахунбаев атындағы Қырғыз мемлекеттік медицина академиясы. Абзалиева Сымбат Әбілқайырқызы - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Жоғары басқару мектебінің директорының

орынбасары, медицина ғылымдарының кандидаты (Қазақстан), онда «СОӨА, ауыр бронхиальды демікпе немесе астма-СОӨА синдромы» деп аталатын мәселе бойынша өте қызықты пікірталас өтті Спикер: медицина ғылымдарының докторы, профессор, Алматы қаласының бас аллергологы, Республикалық аллергология орталығының меңгерушісі Нұрпейісов Таир Темирланович. «Пневмония немесе СОӨА шиеленісі?» баяндамасында ерекше қызығушылық болды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ клиникалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, профессор, м.ғ.д., Құрманова Гаухар Медеубайқызы жалпы және әртүрлі терапиялық стратегияларды меңгерген Винников Денис Владимирович, м.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, Алматы қаласындағы экологиялық жағдайдың тұрғындар арасында СОӨА дамуының қауіп факторы ретінде өз зерттеулерінің нәтижелерін ұсынды.

Іс-шара соңында Орталық Азия мен Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің жетекші пульмонологтарының қатысуымен дөңгелек үстел өткізілді, оған қатысушылар конференцияны ұйымдастыруға жоғары баға берді, презентациялар деңгейін және пікірталастың тиімділігін арттырды. Талқыланған тақырып тек қоршаған ортаны ластауға байланысты осы патологияның болжамды өсуіне байланысты Қазақстан үшін ғана емес, сонымен бірге бүкіл әлемдік қауымдастық үшін өте өзекті. Бұл конференция Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Медициналық факультетінің базасында Орталық Азия мен Қазақстанның аймағында алдыңғы қатарлы білім мен технологияларды көшіру бойынша ауқымды бағдарламаны жүзеге асыру үшін барлық ресурстары, соның ішінде адами бар Қазақстан Республикасының жетекші көпсалалы университеті, өкпелік ғылымның дамуына жаңа серпін береді және Конференцияның қарарында баяндалған міндеттерді толық орындауға мүмкіндік береді.

Сымбат АБЗАЛИЕВА,
медицина жоғары мектебі директорының ғылыми-инновациялық жұмыстары мен халықаралық байланыстар орынбасары, м.ғ.к. (Ph.D)



Нұрғали Такибаев - 75 жаста

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ физика-техникалық факультеті теориялық және ядролық физика кафедрасының профессоры, Ұлттық ғылым академиясының академигі, физика-математика ғылымдарының докторы Нұрғали Жабағаұлы Такибаевты 75 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз!



Н.Ж. Такибаев Іргелі зерттеу орталығы кеңесінің (АҚШ, Майми), Біріккен ядролық зерттеулер институты теориялық физика зертханасы жанындағы Халықаралық ғылыми кеңесінің мүшесі болып саналады. Іргелі физика институтының толық профессоры (Full Professor) (Молизе, Италия). Корей ілгерілемелі зерттеулер институтының профессоры (Оңтүстік Корея, Institute of Advanced Study, Seoul, South Korea).

2000 жылы оның шақыруымен Қазақстанға 1999 жылдың Нобел сыйлығының лауреаты Ж. Т'Хофт келді. Ол — Азия-Тынық мұхиты камкоршылар кеңесінде теориялық физика бойынша Қазақстанның өкілі.

Қазіргі таңда Нұрғали Жабағаұлы магистранттар мен докторанттарға арнайы

курстар бойынша ағылшын тілінде дәрістер оқиды. PhD докторанттардың, магистранттардың жетекшісі, осы кезге дейін білікті әрі білімді шәкірттер дайындап, олардың алды өзімен әріптестер болып отыр. Н.Ж.Такибаевтың ғылыми еңбектерінің ішінде Қазақстанның және алыс шет елдердің жетекші ғылыми басылымдарында жарияланған 300-ге жуық жұмысы бар.

Нұрғали Жабағаұлына осынау мерейлі белесінде тамыры терең бәйтеректей тірегіміз болып ортамызда жүре беруіне, өмірі қуаныш пен қызыққа толы болуына тілектеспіз.

**Ф. БЕЛИСАРОВА,
В. ҚҰРМАНҒАЛИЕВА.**

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы – еліміздің жарқын болашағына бастайтын және осы мақсатқа жету үшін қандай міндеттерді қолға алу керектігін айқындайтын бағдарлама. Қазіргі жаһандану заманында ең өзекті мәселе – адамның рухани ахуалы. Адамзат рухани азығын оқу, білім алу арқылы қанағаттандырады.

Жаратылыстану және техника салаларына мамандарды даярлауда зертханалық сабақтардың алатын орны аса зор. Себебі білім алушылар дәріс сабақтарында игерген теориялық білімдерін зертханалық сабақтарда талқылау арқылы оларды іс-жүзінде жүзеге асырып, алынған тәжірибе нәтижелерін теориялық тұрғыдан қорытындылауға үйренеді. Осы орайда зертханалық сабақтардың іс-тәжірибелік бөлімдерінің нәтижелі өтуіне тікелей жауапты көмекші маман қызметкерлердің алатын орны ерекше. Осы мақалада сондай майталман көмекші мамандардың бірі Нұрғиза Кегенбайқызы Мыңбаева жайында сөз қозғауды жөн көрдік.

Нұрғиза Кегенбайқызы Қыздар педагогикалық институтының жаратылыстану және химия факультетін бітіріп, сол жылдан бастап С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетінің катализ



және техникалық химия кафедрасында 30 жылдан астам уақыт оқу-көмекші маман қызметін атқарып, жетекші инженер дәрежесіне дейін еңбек жолынан өтіп, қазіргі уақытта зейнеткерлік демалыста.

Нұрғиза апай еңбек жолын бастаған жылдары кафедра меңгерушісі болып техника ғылымдарының докторы, профессор, академик Қайыр Ахметұлы Жубанов басшылық жүргізді. Осы жылдары Нұрғиза Кегенбайқызының «Жалпы химиялық технология» базалық пәні мен арнайы пәндерде оқытылатын майларды, нитрокосылыстарды, ацетилен туындыларын катализдік гидрогендеу, ацетиленнің гидратациясы, химиялық қосымшалармен

ВЫСОКАЯ НАГРАДА

В рамках научного семинара «Русский язык на перекрестке Азии и Европы», организованном Казахстанским общественным объединением преподавателей русского языка и литературы», Казахстанским общественным объединением «Выпускники российских вузов», Центром русского языка и культуры при КазНУ им. аль-Фараби, доктор филологических наук, профессор кафедры русской филологии и мировой литературы КазНУ им. аль-Фараби Екшембеева Людмила Владимировна была награждена Медалью А.С.Пушкина «За большие заслуги в распространении русского языка».

С поздравительной речью выступили доктор филологических наук, профессор КазНУ им. аль-Фараби, вице-президент Международной ассоциации преподавателей русского языка и литературы, президент Казахстанского общественного объединения русского языка и литературы, член НЭС АНК Сулейменова Элеонора Дюсеновна, Консул Генерального консульства Российской Федерации в г.Алматы, заместитель председателя Россотрудничества в Республике Казахстан Переверзева Ирина Владимировна, доктор филологических наук, профессор Казахстанского филиала МГУ им. М.В.Ломоносова Шаймерденова Нурсулу Жамалбековна.

Профессор Екшембеева Людмила Владимировна — автор многочисленных трудов по русскому языку как иностранному, монографий и статей по русскому языкознанию, а также фундаментальных учебников, рекомендованных Министерством образования и науки в качестве базовых, одного из авторов комплекса учебников по Морфологии русского языка (Проект фонда "Русский мир").

Профессор Екшембеева Л.В. заслуженно пользуется высоким авторитетом как специалист в области преподавания русского языка как иностранного. Имея 30-летний педагогический стаж преподавателя РКИ, с 2014 года она является руководителем учебно-методической работы программы "Флагман" Американских Советов по Международному образованию (ACCELS) в КазНУ им. аль-Фараби. За этот период работы коллективом программы проведено эффективное обучение американских студентов продвинутому уровню русского языка, знания которых подтверждены



различными сертификатами и успешно сданными экзаменами и тестами.

От имени профессорско-преподавательского состава кафедры русской филологии и мировой литературы КазНУ им. аль-Фараби и коллектива программы "Флагман" поздравляем Людмилу Владимировну с заслуженной наградой, гордимся ее достижениями и желаем ей долгих лет и успехов!

**С. САНСЫЗБАЕВА,
С. САГАТОВА,**
*доценты кафедры русской
филологии и мировой литературы*

Химик-лирик

өңделген Қазақстанның бентонит саз-балшықтары негізіндегі катализаторларда мұнай көмірсутектерін катализдік өңдеу бойынша зертханалық жұмыстардың оқу практикасын ұйымдастыруда сіңірген еңбегі орасан зор.

Нұрғиза Кегенбайқызы сегіз қырлы бір сырлы жан иесі. Олай дейтініміз Нұрғиза апай химия саласында еңбек ете жүріп, ақындық өнерді де ұштастыра білген. 2018 жылы «Қазақ университеті» баспасынан Нұрғиза апайдың «Ана толғауы» атты өлеңдер жинағы жарық көрді.

«Ана толғауы» атты өлеңдер жинағының алғашқы шумақтары біздің елімізде катализ саласы мектебін ұйымдастырушы Социалистік Еңбек ері академик Дмитрий Владимирович Сокольскийге арналған. Нұрғиза апай ширек ғасырдан артық ұзақ жылдарда оқу-көмекші маман, жетекші инженер қызметтерін атқарып, факультетте, кафедрамызда қызмет атқарған ғалым-педагог химиктердің еңбектерін жыр шумақтарымен сипаттап қағаз бетінде жинақтап отырған. Мысалы, факультет деканы қызметін атқарған профессор Ж.Әбілова, кафедра меңгерушісі қызметін атқарған академик Қ.Жұбановқа, профессорлар А.Сармурзинаға, Х.Суербаявқа, Ж.Қайырбековке, Р.Ибрашеваға, Ы. Тойбаевқа, К. Джардамалиеваға және басқа да өзімен қатарлас қызмет атқарған профессор,

доценттерге арнаған жыр шумақтарында білім, ғылым саласындағы олардың еңбектерін жоғары бағалап, мәңгілік өлмейтін ұлы адамдар қатарына жатқызып, ерекше сезіммен жеткізе білген.

Сонымен бірге Нұрғиза апай өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне де көп көңіл бөлген. Қазіргі уақытта кафедрамыздың «Катализ және мұнайхимия» саласы бойынша зертханалық сабақтарды ұйымдастыруда Нұрғиза апайдың тәрбиелеп кеткен шәкірттері: Ж. Касабекова, Р. Шингисова, Б. Нурғалимов жоғары шеберлік танытып жүрген жетекші мамандар.

Адам бойындағы мызғымас катитал — білімі, ой-өрісі, санасы. Сондықтан да дана халқымыз «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады»,— деген.

Биылғы мерейлі 70 жасыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, деніңізге саулық және ғұмыр жасыңыз ұзақ болсын деп, жазарыңыз таусылмасын деген тілектеміз.

**Ж. ЕШОВА,
Г. ЖАҚСЫЛЫҚОВА,**
*физикалық химия, катализ және мұнайхимия
кафедрасының доценттері*

Учитель, наставник и общественный деятель

Ким Галина Васильевна (Ли)
– кандидат филологических наук, профессор КазНУ имени аль-Фараби (доцент ВАК), специалист в области функционального синтаксиса, синтаксиса современного русского языка, языка художественных произведений.



Большую значимость имеют ее фундаментальные труды: «Синтаксис простого предложения. Теория и практика», «Синтаксис простого предложения (в сопоставлении русского и казахского языков)» (в соавт.), Современный русский язык/ Под ред. Н.И.

Гайнуллиной (в соавт.), «Русский язык: теория и практика» (в соавт.) и др.

Ким Галина Васильевна — талантливый педагог, хороший (добрый, чуткий) наставник, умелый общественный деятель. Она увлеченно занималась любой работой: будь то работа со студентами в аудитории, будь то научно-исследовательская работа с аспирантами или магистрантами, будь то подготовка научной статьи, или подготовка какого-либо культурно-массового мероприятия, или общественная работа и др.

Активно принимала участие в конференциях международного и республиканского уровня, на которых с удовольствием делилась своими научными находками.

За свой продолжительный и творческий путь научного руководителя Галина Васильевна Ким подготовила 18 магистров и 5 кандидатов наук.

Более 10 лет Галина Васильевна активно и успешно вела работу в качестве руководителя в магистратуре филологического факультета КазНУ имени аль-Фараби.

Плодотворная учебно-педагогическая и организационная деятельность Ким Галины

Васильевны отмечена нагрудным значком «Отличник народного просвещения Казахской ССР», Почетной грамотой Министерства народного образования Республики Казахстан, Почетной грамотой акима Бостандыкского района г. Алматы и многочисленными благодарностями и грамотами руководства университета и факультета.

7 января 2019 г. Галина Васильевна Ким ушла из жизни. Но ее дело, ее научные работы, учебники и учебные пособия останутся как светлая память об замечательном человеке и ученом.

Коллектив факультета филологии и мировых языков Казахского национального университета имени аль-Фараби выражает твердую уверенность в том, что научные труды Ким Галины Васильевны являются весомым вкладом в науку Казахстана и принесут неоценимую пользу в научных исследованиях и лингвистической подготовке еще не одному поколению молодых ученых и специалистов.

Б. ДЖОЛДАСБЕКОВА,
Ж. АБАЕВА

Заң факультетінің кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасында 102 топ студенттерінің қатысуымен "Әділ бидің елін дау араламайды, әділ патшаның елін жау араламайды" тақырыбындағы дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы және 1,2 курс студенттері қатысты.

Жиынға заң ғылымдарының докторы, профессор А. Ағыбаев қатысып, "Жалпы, еліміз бойынша білімді, білікті, әділеттің ақ жолын аттамайтын зангер мамандарын даярлау өте керек. Бұл істе тиісінше мемлекеттік бағдарламада жасалып, зангер мамандарды даярлаудың тиімді жолдары айқындалса өте дұрыс болар еді",- деп атап өтті.

102 топ студенттері дөңгелек үстел тақырыбына байланысты баяндамалар оқып, әр баяндаманың соңында пікір талас жасап белсенділік танытты. Мәселен, 102 топ студенті Анарбаева Меруерт Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алу жолындағы тарихына байланысты баяндама дайындады. "Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас" деп халық даналығы бойымызға сіңірген жас ұрпақ біздер, отанымыздың азаматтарымыз. Біз тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұрғындарымыз. 1991 жыл — еліміздің егемендік алып, Тәуелсіз Қазақстан деген атпен күллі әлемге танылған жылы. Биыл 28 жылдың белесі болды. Қазақстанның дамуы, тәуелсіздік іргетасының қалануы тарих сахнасында үлкен беделге ие" деп ой толғатты.

Кафедра студенті Айдос Совет 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына жалпы сипаттама берді. "Ата заңымыздың 1-бабында "Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен

«Әділ бидің елін дау араламайды...»

бостандықтары" делінген. Бәрімізге мәлім, Қазақстан Республикасындағы барлық заңдар Конституцияға сәйкес қабылданып, оған қайшы келмеуі қажет. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының қолданыстағы барлық құқықтық актілерінің жеке адамды, оның құқықтары мен бостандықтарын қорғауда әруақытта артықшылықтары бар",- деп ойын тарқатты.

102 топ студенті Меруерт Абишева қазақ жерінде өсіп-өнген ұлы тұлғалар, батырлар туралы баяндама жасады. "Әр халықтың өздері мақтан тұтатын, олардың ерліктері, жеңістері, жетістіктері үшін алғыс білдіретін есімдері болады. Тарих тұңғығында бізге дастан болар ата-бабаларымыз, атакты тарихи тұлғалар: қазақ халқының дамуына зор үлес қосқан және болашақ тарихтың қорытындысына әсер еткен тайпа көсемдер, билеушілер, батырлар, билер, аңызшылар, қоғамдық және мемлекеттік қайраткерлер көп болған. Олар ғасырлар бойы бірлікке, тұтастыққа талпынды және осыған үйретуден жалықпады. Бірлік, рухтық, адамгершілік, халықтың игілігі мен тұрақтылығы дала рухының өзіндік кодексінің негізі болып табылады. Қазақ билері олар ең алдымен халық өкілі, билерді қудалау халықты қудалау деп саналды. Сондықтан хандар әруақытта билердің ой-пікірлерімен, көзқарастарымен санасып, ақылдасып отырған. Ел тағыдры туралы хан шығаратын шешімдерге, талай билердің пікірлері арқау болғаны тарихқа мәлім жағдай",- деген ойымен баяндамасын қорытындылады.

Қазіргі таңда біз халық батырларымыздың арманы орындалған, мемлекет құру мақсатына жеткен ашық аспан аясында өмір сүріп жатырмыз. Ендігі кезде Тәуелсіздік іргетасы толығымен қаланған егеменді еліміздің шаңырағы шайқалмай, көк туымыз көкте мәңгі желбіреуі үшін әрқайсысымыз еңбек етіп, сол жолда күресуге тиіспіз. Абыройы мен арына дақ түсірмей келген



ұлтымыз, тіректі тіліміз, салт-дәстүріміз, мәдениетіміз, сарқылмас қазынамыз бүгінгі жастарға, келешек ұрпаққа аманат.

Қазақстан Республикасының азаматтары, жалпы тұрғындары өз құқықтары мен бостандықтарының, заңды мүдделерінің сақталуына ынталы. Осы құндылықтардың биік тұруы әрине зангерлерге байланысты. Сондықтан да көп адамдардың зангер болуға деген құштарлығы бекер емес. Зангер мамандығы пайда болған қиындықты шешуге бағытталады. Зангер әділетсіздіктің құрбаны болған тұлғаға, қылмыстық құқық бұзушылықтан зардап шеккен жәбірленушінің өз құқықтарын қалпына келтіруге, оларды қорғауға, заңсыз жұмыстан шығарылған адамның қайта жұмысына тұруына, даулы мүліктік және тұрғын үй сұрақтарын шешуге және т.б. көмек береді. Зангер жұмысы — құқық үшін күрес, ол күрес зангерлерге үлкен рухани ләззат сыйлайды. Зангер мамандығының тағы бір жақсы жері — алынған білімді мемлекеттік басқарудың әр саласында: ғылымда, экономикада, мәдениетте, спортта және журналистикада пайдалануға болады. Жоғары білікті зангер

— кәсіби қызметте әруақыт қажет. Зангер мамандығын тәмамдаған шынайы білікті мамандар жоғары интеллектуалды әрі ұйымдастырушылық қабілетке ие болады.

Біздің қоғамымызда зангер мамандығы қызметін қамтитын салалары кең. Бұған мемлекетіміздің заң шығару, атқару және сот билігінен бастап, басқару органдарының барлық сатыларындағы қызметті, кәсіпорындардың қызметін, құқық қорғау органдарының қызметін жүргізу, адвокаттық, нотариалдық қызметті және әртүрлі саладағы зангерлер қызметі мен оқытушылық қызметті қоса қамтитын әлеуеті зор ауқымды мамандық. Сондықтан құқықтық білім беру кезінде ондағы болашақ мамандарға ерекше назар аударған жөн.

Г. ҚУАНАЛИЕВА,
профессор

м.а., заң ғылымдарының докторы;

Г. ШУЛАНБЕКОВА,

аға оқытушы,

«Кеден, қаржы жәнеэкологиялық құқық»

кафедрасы

29 наурызда механика-математика факультетінде профессор Шалтай Смағұлұлының 70 жылдық мерейтойына арналған «Математика және математикалық моделдеу» ғылыми семинары өтті



Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев 2019 жылды жастар жылы деп жариялауы бізді ерекше қуантқаны рас. Өйткені, жастар-елдің ертеңі, болашағы, һәм тірегі.

Жолдау Қазақстан Республикасының арналарынан тікелей эфирде көрсетілді. Арнайы ұйымдастыру шаралары нәтижесінде, Республиканың барша мектеп оқушылары, колледж бен жоғарғы оқу орындарының студенттері Елбасының жолдауын тікелей эфирден көріп, танысуға мүмкіндік алды. Олардың қатарында, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері болды. Елбасымыздың жастар жылының ерекшеліктері мен оларға жасалатын мүмкіндіктері туралы айтуы студенттердің қызығушылығын оятты.

Бүгінгі күнгі жастар баса назарды рухани емес, материалдық құндылықтарға көп бөледі. Сондықтан да бұл жылдың артықшылығы Қазақстан жастарын қоғамдық жұмыстарға тарту, жұмысқа қабілеттігін және өз-өзіне деген сенімділігін арттыру, жеке қызығушылықтарымен айналысуға жағдай жасау және баулу болып табылады.

Жастар жылының мақсаты - жастардың болашаққа деген талпынысы мен қызығушылығын ояту, мақсаттарын жүзеге

БОЛАШАҚҚА ҰМТЫЛЫС

асыруға көмек беру, мүмкіншіліктерін кеңейту. Қазіргі таңда елімізде 4 миллионға жуық жастар бар. Қуантарлық жайт — жұмыссыздар саны небәрі 4%-ды ғана құрайды.

Жастар арасында, жоғарғы оқу орындарын жақсы тәмамдап, жұмысқа орналаса алмай жүргендер де бар. Мемлекеттің бұл жерде қатысы жоқ. Себебі мемлекет тарапынан жұмыс істеймін деп талпынушылардың қолынан ешкім қақпайды, әрі оларға жұмысқа орналасу үшін бар жағдайды жасап отыр. Бар ғәп кейбір жастардың өзінде, олардың сенімсіздігінде. Иә, бүгінгі таңда көптеген жұмыс орындары еңбек өтілінсіз жұмысқа қабылдай бермейді. Жастардың да қынжылатыны осыдан. Әйткенмен, алдыға талпынушы жасқа бұл да кедергі емес. Жеке кәсібін ашқысы келетіндер саны қаншама. Алайда бастамаға қаржысы жеткіліксіз не басқа да себептер кедергі келтіруі мүмкін.

Жастар жылының ерекшелігі сонда — жеке кәсіп ашамын деген кез-келген азаматқа қол ұшын созу, бағыт-бағдар беру.

Бүгінге дейін кәсіпкерлікті қолдау мақсатында сан-алуан бағдарламалар болған. Ал осы жылы сол бағдарламалардың саны көбейтілуде. Мемлекет ұсынған бұл бағдарламалар арқасында жеке кәсіп ашуды мақсат қойған әр азамат бағын сынап көре алады.

«Жалпы Жастар жылына арналған іс-шараларды жүзеге асыру үшін алдағы үш жылда қосымша шамамен 100 млрд теңге бөлінеді»,

- деді ҚР премьер-министрінің орынбасары. Сондықтан да алдыда Қазақстан жастарын үлкен мүмкіндіктер тосып тұр деп болжай аламыз.

2019 жыл жастар жылы болғандықтан, осы жылғы ұсынылатын бағдарламаларға еліміздің 18 бен 29 жас аралығындағы азамат пен азаматшалары қатысып көруге толық құқылы.

Бірақ ол үшін жастарда болашаққа деген ұмтылыс пен нақты мақсат болуы тиіс.

Жастардың қоғамдық санасын ояту мақсатында түрлі конференциялар мен форумдар өткізіледі деп жоспарлануда. Жастар саясаты - жастар проблемасын шешуге бағытталады.

Жастарды патриоттыққа, салауатты өмір салтын ұстануға, қоршаған ортаны аялауға, әрбір жаратылған тиынның қадірін түсінуге және т.б. шақыру мақсатында шаралар мен тәрбие жұмыстары жүргізілуде.

Жастар жылынан күтеріміз көп. Осы жыл білікті әрі іскер мамандарды дайындап шығарып, табысты кәсіпкерлердің пайда болуына жол ашады деген үмітіміз мол. Барлық жастардың қоғамдық санасын кеңейтіп, мүмкіншіліктері мен сенімділіктерін арттырып, жан-жақты шыңдайтынына күмәніміз жоқ.

Айнаш ЕСЕКЕЕВА,
Заң факультетінің оқытушысы;
Арайлым САЛАМАТОВА,
студент

Дарынды студенттер мекені

Университеттің 85-жылдық аса бай тарихы Қазақстанның академиялық ғылымы мен жоғары мектебінің дамуы және қалыптасуымен тығыз байланысты. ҚазҰУ-ды еліміздің барлық жоғары білім беру жүйесінің тірегі, білікті мамандар ордасы деуге болады. Университеттің мыңдаған түлектері Қазақстанның және оның аумағынан тыс жерлердегі өндірістің барлық салаларында табысты еңбек етуде.

Бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ерекше мәртебесі бар Қазақстанның жетекші әрі классикалық университеті, жоғары кәсіби, жоғары оқу орнынан кейінгі білім мен ғылымды инновациялық дамытудың ұлттық көшбасшысы, еліміздің жоғары оқу орындары арасындағы бірінші Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының иегері. ҚазҰУ еліміздің жоғары оқу орындарының ішінде тұңғыш рет QS Stars - «Төрт жұлдыз» үстемдік белгісіне ие болды.

Университеттің ерекше мақтанышы - бұл толыққанды білім беру және бос уақытты бекер өткізбес үшін барлық жағдай жасалған кампус: жаттығу залы, спорттық алаңдар мен секциялар, студенттерге қызмет көрсету орталығы бар. ҚазҰУ республикада ең жақсы студенттік спорт базасына ие: 5 мың көрерменге арналған трибунасы бар стадион, екі қосалқы футбол алаңы, теннис корттары, жазғы ойын алаңдары, жаттығу залы және күрес, бокс, ырғақты және спорттық гимнастика кабинеттері бар үлкен спорт сарайы, үстел теннисі, бадминтон және екі шағын футбол корттары. 2.5 миллион данадан астам кітап



қоры бар кітапхана ерекше мақтаныш болып табылады, ол жыл сайын 55-60 мың кітаптың жаңа басылымдарымен жаңартылады.

Сондай-ақ, студенттердің көшбасшылық қабілеттерін, ұйымдастырушылық қасиеттерін дамыту мақсатында жастар қйымдары камитеті жұмыс істейді. Инновациялық жобаларға құштар, заман ағымнан қалмауға тырысатын студенттер үшін әр факультетте бизнес-инкубаторлар, университетте технопарк қызмет етеді.

ҚазҰУ — талантты, дарынды студенттердің басын біріктіріп отырған мекен, Сыйластық пен шынай достықтың ордасы. ҚазҰУ — адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, тұлғаның жан-жақтықабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік береді.

Досан ОРАЗМОЛДА,
менеджмент мамандығының
4-курс студенті

БІЛІМНІҢ РУХАНИ ҚАЛАШЫҒЫ

ҚазҰУ қалашығы. Бұл білімнің рухани қарашығы. Кенен ойдың көзілдірігі секілді бұлдыраған дүниенің бет-бейнесін ашып көрсетеді. Әуелден-ақ мәуелі білім ордасы парасат айдынында еркін жүзуге мүмкіндік сыйлайтын құтты шаңырақ. Одан ақыл нәрімен сусындаған адамзат арманының ақиқатпен әрлене түсетініне көз жеткізеді. Біз пір тұтқан алыптардың отты ошағына айналған жәдігердің биыл 85 жылдығы. Іргетасының қаланғанына ғасырға жуықтаған қайнар қалашықтың қойнауы ырысқа толы. Тәлімді де тауанды шәкірттері ұлттың ұстынына айналып келеді.

Біз бүгін сол киелі шаңырақтың астында жүріп қанаттанған, қазіргі таңда мұғалім мәртебесін иеленіп өзі де шәкірт тәрбиелеп отырған төл түлегіміз Мөлдір Жүнісова жайында сөз өрбітпекпіз. 2011 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ химия факультетін үздік тамамдаған ол қолына дипломын алған соң, сол білім ордасына магистратураға тапсырады. Көздеген мақсаты іске асып, арада екі жыл өткен соң жаратылыстану ғылымдарының магистрі атанады.

Бір айта кетерлігі сол уақыттарда еліміз ЕҚЫҰ-на төрағалық етуімен ерекшеленген еді. Қазақстан — бұрынғы кеңестік кеңістіктегі елдер арасынан бұл ұйымға ең алғаш төрағалық еткен мемлекет есебінде есте қалды. Онда ЕҚЫҰ-ның қоршаған ортаны қорғау саласындағы бағдарламаларын жүзеге асыруды жалғастыру да Қазақстан міндеттерінің бірі-тұғын. ЕҚЫҰ жаһандық экологиялық мәселелерді, соның ішінде бұрынғы Семей ядролық полигоны мен Арал теңізіне қатысты мәселелерді шешуде жағымды рөл атқара алды. Осы мәселелердің мұрындық болуымен және Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың жүргізген саясаты негізінде география және табиғатты пайдалану факультеті жүйелі жұмыс жасады. Сол салада білім алған Мөлдір Алмабекқызы озық іс-тәжірибесін тарату және насихаттау мақсатында мерзімді басылымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарында маңызды материалдар жариялап тұрды. Атап айтсақ, «Газдалған сусындардың адам ағзасына әсері», «Күріш топырағы құрамындағы ауыр металдардың концентрациясы», «Күрішті тамшылатып суару әдісінің тиімділігі» тағы сол сияқты түрлі мақалалар ел игілігіне жарады. Сондай-ақ «Химия және экология», «Экологическое образование в Казахстане» ғылыми-әдістемелік журналына химиядан зерттеу материалдар жазса, «Ақдала егістік алқабы топырағының ауыр металдармен ластану мониторингі» тақырыптары бойынша іс-тәжірибесін таратты.

Ұлттық университетіміздің өнегелі өрөнінің ауыз толтырып айтарлықтай еңбегі бар. Мектеп қабырғасында сабақ бере жүріп, шәкірттерін түрлі халықаралық және республикалық байқауларға шығарды. Оқушылары жұлделі орындардан көрініп, үмітін ақтап келеді. Шыны керек, білім бәйгесінен олжасыз қайтқан емес. Нақтыласақ, өткен жылы өткен халықаралық «Фараби әлемі» атты ғылыми конференциясында Самал Мұхамеднұр, Гүлвира Абдрахман III орынды иеленді. Кіші ғылыми академиясының ұйымдастыруымен өткізілген конференцияға екі жыл қатарынан Іңкәр Балтағұл мен Ақбота Райбай қатысып, I дәрежелі Дипломмен марапатталды.

Мөлдір Жүнісованың 2018 жылы «Экология. Энергетика. Экономика» тақырыбында авторлық бағдарламасы бекітілді. Бұл — оның ізденісінің бір парасы ғана. ҚазҰУ түлегінің алар асуы мұнымен шектелмек емес. Алда әлі де талай биіктерді бағындырмақ жоспары бар.

Ж. ТОРЕГОЖИНА,
ЮНЕСКО және тұрақты даму
кафедрасының профессор м.а

29 марта состоялась конференция «Наука настоящего и будущего: роль и перспективы молодежи в развитии научных знаний»

VI ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ БАСТАЛДЫ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІГІТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА,**
Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШҮРИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында
басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №516

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.